

10. Абай энциклопедиясы / Бас редактор Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: Атамұра, 1995. – 328 б.
11. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 521 б.
12. Алтынсарин Б. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Рауан, 1994. – 280 б.
13. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 101 б.
14. Аймаутов Ж. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 355 б.

«ҚАЗАҚ» ҰҒЫМЫНЫҢ КОНЦЕПТІЛІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫМЕН ТІЛДІК БЕЙНЕСІ (Қ. ЖҰМАДІЛОВТІҢ «ДАРАБОЗ» ШЫҒАРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ)

*Автор: Қарабасова Қ.,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенті,
Ғылыми жетекші: Шошақова Ж.Қ., филология магистрі.*

Ғылыми жобаның өзектілігі: Өркениетті қоғамда тіл адамзаттың баға жетпес құндылығы деп саналады. Тіл – дүниетаным құралы, ұғым мен пайымдаудың объективтенуі. "Әлемнің тілдегі бейнесі" көркем туындылар тілінен, яғни суреткердің тіл шеберлігінен де көрінеді. Ұлттың айнасы тіл десек, сол ұлттың айшықты тілі көркем шығармаларда көрініс тауып, сол арқылы ұлттың шынайы болмысын беруге қызмет етеді. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге иеленуімен байланысты қоғамдық өмірдің барлық саласында өрісінің кеңейіп жан-жақты атқарар қызметінің өсе түскені белгілі. Осы ретте тілдік құрылымдардың жазбаша формадағы көрінісін, нақтырақ айтқанда көркем шығарма тілін зерттеу үлкен мәнге ие болып отыр.

Ұлттық тілге, рухани өмірімізге жаңалық болып енген шығарманың жетістігін, оның стильдік, көркемдік құндылықтарын таныту тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының кезек күттірмейтін мәселелерінің бірі. Жұмысымыздың зерттеу объектісі болып отырған «Дарабоз» диалогиясы-ұлттық рухта жазылған шығарма. Шығарма қандай да бір мәселе көтермесін, ол ұлттық тұрғыдан қарастырылып, сол аспекіден бағаланғанын байқау қиын емес. Шығарма тілінің көркемдік құндылықтарына ғылыми талдау беру қажеттігі біздің жұмысымыздың өзектілігін арттырады.

Ғылыми жобаның мақсаты. Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз» шығармасындағы көркем сөз тілін ұлттық тіл білімі тұрғысынан талдау, яғни бұл туралы ғылымның лингвистикалық стилистика деп аталатын саласы бойынша талдауды мақсатқа алдық.

Ғылыми жобаның міндеттері: Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз» шығармасындағы көркем сөз тілін ұлттық тіл білімі тұрғысынан талдау, яғни бұл туралы ғылымның лингвистикалық стилистика деп аталатын саласы бойынша талдауды мақсатқа алдық.

Демек, шығарма романы тілінің көркемдік ерекшеліктері мен ұлттық танымдық қызметін айқындауда мынадай нақты мақсат – міндеттер алға қойылды:

- концептілер мен сөз- символдардың ұлттық танымдық ерекшеліктерін анықтау;

Ғылыми жобаның негізгі нәтижесі: Қ. Жұмаділовтің шығармасы тілін талдау барысында ерекшеліктер анықталды.

-«Қазақ» халқының ұлттық этикетін білдіретін сөздер теріліп, талданды.

Ғылыми жобаның жаңашылдығы мен маңыздылығы.

Қ. Жұмаділов шығармаларының поэтикалық тілі, идеясы, негізгі ойы сынды мәселелер талданып жүр. Алайда, бүгінгі таңға дейін «Дарабоз» диалогиясындағы «Қазақ» концептісі, қазақ халқының танымын білдіретін этномаркерлі сипаттағы сөздер зерттелмеген.

Біз Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз» шығармасы негізінде қазақ халқына ғана тән ұлттық сипаттағы сөздерді теріп, талдадық.

Жобаның осы тақырыптағы зерттеулерден ең басты артықшылығы – автор тілінде көздескен этномаркерлі сөздерді жинақтау, олардың мағыналарын ашу. Қазіргі таңда қолданыстан шығып қалған сөздерді белгілі бір жүйеге келтіріп, шағын жинақ шығару.

Зерттеу әдістері:

Методологиялық зерттеу, салыстыру, анализ әдістері: Жобаны жүзеге асыру барысында Абай «толық адам» іліміне қатысты белгілі ғалымдардың зерттеу нәтижелері толық қарастырылып, сараланып, салыстырылып, талданды.

Әдеби – теориялық талдау әдісі: Ақынның адамгершілік тақырыбындағы шығармалары жинақталып, мазмұнымен танысылып, әдеби – теориялық талдауға түсіріліп, тақырыпқа қатысты негізгі ойы мен идеялық түйін анықталды.

Жобаның сипаттамасы.

Концепт – лингвистикалық категория. Бірақ басқа лингвистикалық терминдермен балама қолдануға болмайды. Концепт когнитивті тіл білімінің басты термині ретінде қарала басталғаннан – ақ мағына мен ұғым, лингвомәдени бірлік терминдерімен ауыстыра қолдану жағдайы кездесе бастады. Сондықтан зерттеушілер ең алдымен осы ұғымдардың ара жігін ажыратып көрсеткенді жөн көрді. Ю. Степанов: «Мағына тек тіл жүйесінде ғана анықталатын тіл білімінің термині, ал ұғым тіл білімі мен логика саласындағы логикалық қатынастар жүйесінде анықталады», – деп көрсетеді.

С. Аскольдов – Алексеев концепт лексикалық мағынаға қарағанда ауқымы кең дүние деп таниды.

Мәтінде концептілер мазмұндық, қолданымдық, түрленімдік көрінісіне қарай ажыратылады. Концептілердің санада танылу деңгейіне қарай, ақиқат дүниенің болмысы мен өзіндік ерекшелігіне қарай метафизикалық, ұлттық – мәдени, эмоционалдық концептілер деп шартты түрде жіктеуге болады.

Метафизикалық концепт

Ұлттық – мәдени концептілер

Эмоционалды концептілер

Контраст концептілер

Калейдоскоптық концептілер деп топтастыруға болады [2, 10-б].

Қазақ баласы – қиыншылыққа төзімді, қара күшке мығым, табиғаттың дүлей күшіне қарсы тұра білетін, асқан шебер, жырау, әнші, шежірені жадында сақтар, жан-жақты жетілген, ата-салтын қастерлеген ерекше жаратылыс иесі.

Біз жаңа жоғарыда концепт ұғымдық ақпараттан басқа психологиялық, этимологиялық, прагматикалық, мәдени ақпараттарды да білдіреді деп атап өткендей, енді «Қазақ» сөзінің этимологиясына және танымдық ерекшелігіне тоқталып өтсек.

«Сақ» сөзі біздің лексикамызда әртүрлі сөзге негіз болып сақталған. Мысалы: Сақтанған жетер мұратқа, Сақтықта қорлық жоқ т.б.

Ал енді сақ – қассақ-қазақ сөздерінің этимологиясын қарастырайық.

«Қазақ» -қас-сақ. Қас-нағыз деген мағынада қас+сақ болып екеуі біріккенде екі «с» дыбыстары қосылғанда, оның алды – артындағы ашық дауысты дыбыс «а» қатаң дыбыстарды ұяндатып «з» дыбысына айналдырған.

Енді **«Қазақ»** сөзінің танымдық мағынасына тоқталсақ:

Қазақ – тамыры тереңде жатқан ұлт, алты алаштың ағасы

аз-ақ – сан – мөлшер жағынан халқының аздығы

зақ – кемел ойды келелі сөзбен жеткізетін дана халық

ақ – ақ нәсілді

қ – ешбір ұлтта кездеспейтін оңға қарай да, солға қарай да оқыса бір сөзді және бір мағынаны беретін ұлт атауы [3, 12-б].

Концептілік жүйе – концептілік құрылымдардың реттелген формасы.

Концептілік құрылымдардың санада бейнеленуі әртүрлі формада көрініс табады. Олар:

1. Қарапайым форма (фрейм)
2. Күрделі форма (скрипт)
3. Оқиғалы форма (сценарий)
4. Сызбалы форма (схема)
5. Бейнелі форма (ойсурет) [2,13-б].

Фрейм – бұл концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын концепт типінің қарапайым формасы. Ол концептінің ең жақын семаларынан құралады және ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табады [2,17-6]. Мысалы, «қазақ» концептісінің фреймдік құрылымы Қ. Жұмаділов шығармасында «ер көңілді», «ақ көңіл», «бір атым насыбайдан көңілі қалатын», «кек құмайтын,кең қолтық, қайырымды», «ұзында өші, қысқада кегі жоқ», «аталы сөзге атасының құнын кешкен,кеңпейіл де көңілшек жұрт» сияқты танымдық элементтерден (тармақтардан) құралады.

Сценарий. Концепт қалыптастырудағы оның қарапайым танымдық элементтері фрейм болса, әрбір фрейм тармақтарының төңірегінен оқиғалар мен жағдаяттар жүйесін жинақтауға болады. Бұл жүйені құрайтын бөлшектер – сценарийлер мен скриптер [2,18-6].

Мысалы, «Қабанбай қанша жауға қатал, елге бедел болғанымен, от басында бала десе қоңқылдап тұратын, кәдімгі кең қолтық қазақтың өзі еді» [4, 1-т, 82б].

«Әбілмәмбет ханның былайша иі жұмсақ, алды кең болғанымен, өз әулетіне тән қаталдықтан ол да құр алақан емес еді» [4, 1-т, 21б].

Скрипт – күрделі формадағы концепт типі. Скриптті қалыптастыратын басты элемент – фрейм. Скрипттің санадағы көрінісі – сценарийлік құрылымның кеңейтілген формасы. [2, 19-6]. «Қазақ» концептісінің сценарийлік түрі мәтінде былай берілген: «**Қазақтың жаңа қонысқа көшкені – қанатты құстың ұшқаны тәрізді.** Көшпенділер үшін жазаның үлкені – жыл бойы жұрт жаңаламай, бір жерде отыру. Түз құсы қанатымды қалай қағам, көк жүзіне қалай көтерілем деп ойлап жатпайтыны секілді, жүздеген ауыл, сан мыңдаған адам ит арқасы қиянға қалай жетер екенбіз деп, бұлар да бас қатырып уайымдаған жоқ» [4, 1-т, 28-6].

Ойсурет. Ойсурет санада бейне, символ, метафора, аллегория көмегімен танылады. [2,19-6]. «Қазақ» концептісінің ойсурет формасындағы түрі мынадай лингвомәдени бірліктер арқылы берілген: «**Туған елің – тұмарлы тұлпарың болғанда, хан – ноқта, би – ауыздық, батыр – қамшы** дейді екен. Сонда алысқа ататын қозы жауырын **жүйрік жебең – ақынның жыры** болғаны да» [1, 75-б].

«Қазақ» халқының психологиялық ерекшелігін суреттейтін лексикалық бірліктер:

«Қазақ» концептісін зерттеу барысында сол халықтың ұлттық психологиялық ерекшелігін көрсететін жерлері арқылы, халққа тән көзқарастарды қарастырдық.

«- *Сардардың өзі бала – шаға, ел – жұртымен шекара шебінен қозғалмай – ақ отыр гой. Солардан жанымыз артық па? – десіп, өз сұрағына өзі жауап беретін ер көңілді қазекең қайтадан байсал тауып, сабасына түсе бастады*» («Дарабоз» 21бет).

Елін жауға қимаған батырға байланысты айтылған сөздер:

«*Туған жер қашан да қымбат. Ал қалмақпен қырық жыл қидаласып, қаныңды, жаныңды пида етіп жүріп қайтарып алған жердің қадірі тіпті ерекше. Арам ойлы жат жұртың табанына таптатпақ түгіл, бір түйір тасын, бір тал бұтасын сипатқың келмейді*» («Дарабоз», 6 бет).

Қонақжайлылыққа байланысты туған сөздер:

«- *Бәрекелде! Біздің халық дастарқанынан дәм татқан қонақты досқа балайды. Өзі де дәм татқан шаңырағына қастық ойламайды – деді Абылай*» («Дарабоз», 37бет).

Кеңпейіл халық туралы айтылған сөздер:

«- *Біздің қазақ еткен қызметімнің өтеуін қолма – қол өте дейтін Самарқанның сарты емес, жасаған жақсылығыңның қарымтасын құдайдан, сонан соң алдағы күндерден күтеді*» («Дарабоз», 47бет).

Намысты қолдан бермеген қайсар халық туралы сөздер:

«- *Өтеке-ау, қашып құтылатын құл, ұрланып кетер ұры емеспіз. Мына елдің сый құрметін қалай тастап кетеміз? Елге қайтсақ та, қашып – пыспай, адам құсап абыройымызбен қайтайық та, – деген*» («Дарабоз», 62 бет).

Діншіл халық жайындағы сөздер:

«Атаның аруағы қолдаған шығар, қазақтың кең даласы қорған боп, ат жалында ойнаған ардалығымыз желеп – жебеген болар, бұл соғыста да алаш ұлы өз абыройын сақтап қалды» («Дарабоз», 82бет).

Ғылыми жұмыс барысында Қ. Жұмаділов прозасындағы кейбір тілдік бірліктер дүниенің тілдегі бейнесін айқындайтын лингвомәдени көрсеткіш ретінде қарастырылды. «Қазақ» халқының ұлттық этикетін білдіретін сөздер жиналды.

«Қазақ» халқының ұлттық этикетін білдіретін сөздер:

«Той – қазақтың қазынасы. Ол көпшілік қауымсыз, ағайын берекесінсіз атқарылмайды» («Дарабоз», 213бет).

Той – әдет – ғұрып дәстүрі. Қазақ халқының өмірінде той ежелгі заманнан үлкен орын алады адамның дүниеге келуі, үй болуы, не түрлі қуанышты кезеңдерін атап өтетін дәстүр.

«Құдалар жуыр маңда бітпейтін аман – саулық сұрасуын аяқтап, енді қымыз құйылар шақта, бір жас жігіт есік алдында қысырдың жұнттай семіз, асау тайын құлағынан басып тұрып, қонақтардан бата сұрады. Қабанбай бөгелген жоқ, қолын жайды да: – Әуелі құдай оңдасын, оң жолына бастасын! Ғайып – ерен,қырық шілтен әулиелер қолдасын! Балалардың тұсында атыс – шабыс болмасын! Құданы – құдай қосады, досты әркім өзі іздеп табады. Екеуі де ұзағынан сүйіндірсін! Аллауакбар! – деп бетін сипады.» («Дарабоз», 222 бет).

Бата – Қазақ халқының ғұрпында адал ниет,жақсы тілек білдірудің бір түрі. Батакүрделікті өмірдің пайдалы жағын салыстыру сипатымен қатар анимистік – магиялық наным – сенімдердің элементі кездеседі. Белгілі бір істі бастарда жауға, жолға, аңға шығарда ақ тілеу әзіз ақсақалдан алынады. Кейін батаға ислам дінінің әсері тиген. Осы күнгі бата отбасына амандық, молшылық, жастарға өмір, бақыт, білім тілеу мазмұнында болып келеді.

«Жас келін ең алғаш рет босаға аттап,отқа май тамызар тұста жыршы жігіт ұзақ «бета шар» айтқан. Бұл ауылда жас келіннің сәлем етер қайын ата, қайын ежелері, қайын ағалары мен абысындары да аз емес – ті».

Беташар – жаңа келіннің моральдық кодексі іспеттес болып келеді.

Жеріміз қанша ұлан – ғайыр болса, соншалықты халқымыз да жомарт, қонақжай, дархан да кеңпейіл. Бұл – басқа ұлт өкілдері де мойындап отырған жайттар. Үнемі мал шаруашылығымен айналысудан қанымызға «сіңген» малжандылық, бөтеннің жеріне көз алартпаған бейбітшілігі, тиген жаудың қабырғасын қайыстырар батырлығы, сан «мың өліп тірілсе» де керемет шыдамдылық пен барға қанағатшылдық – біздің ұлтымыздың мінез-бітістері.

Қазақ тіл біліміндегі концептілік зерттеулердің басталуы жөнінде айтқанда, бізді ең алдымен, концептілік зерттеулердің қазақ тіл біліміне келуінің себептері қызықтырады.

Жазушы тілі бай, образды, ойлы суреттері де жарқын, нақты. Оның тілдік образдары түгелдей қазақ ұғымына лайықты. Кейіпкерлерді сөйлету кезінде көп ойлана отырып, түйдек-түйдек ой тастайды. Өмір шындығын мол қамтып, байсалдылықпен кең суреттеу орын алады. Сонымен бірге жазушы өзінің ойлау парасатымен суреткерлік шеберлігін жоғары деңгейде ұстай отырып, оқырманға үлкен мұра ұсынады.

Күтілетін нәтижелер:

• ЖОО студенттеріне, мұғалімдерге, оқушыларға, жалпы оқырмандарға арналған әдеби – теориялық, танымдық сипаттағы қазақ халқының танымын білдіретін, сөздерді жинақтап шағын сөздік шығару;

• - Тақырып бойынша ғылыми мақалалар жариялау.

Әдебиеттер тізімі

1. Болатханұлы Д.Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз» дилогиясы жанр және поэтика / Канд.дисс. автореферат. – Түркістан, 2007 ж – 30 бет.

2. Тарақов Ә. Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы (Абылай хан бейнесінің көркемдік тағылымы). – Алматы: Қазақ университеті, 2004.– 341 б.

3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1992. – 119 б.

4. Жұмаділов Қ. Дарабоз / Тарихи роман – дилогия, I, II –томдар. – Алматы, 2009.